

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
Коммерциялық емес акционерлік қоғам

2024–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН

6В08101 - АГРОНОМИЯ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ТУ ЖОСПАРЫ

«Агробиология» факультетінің
Академиялық комитеті ұсынған
№10 протокол, 24.05.2024ж.
«Агрономия, селекция и биотехнология»
кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде
қарастырылған
№11 протокол, 15.05.2024ж.

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

№	Компоненттің атауы	Бет.
1	Білім беру бағдарламасын (ББ) дамыту жоспарының паспорты	3
2	Бағдарламаның талдамалық негіздемесі	4
3	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары бағытталған мәселелердің сипаттамасы	9
4	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері	9
5	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудың күтілетін түпкі нәтижелері	11
6	Білім беру бағдарламасына тәуекелдердің ықпалын төмендету жөніндегі іс-шаралар	13
7	Білім беру бағдарламасын іске асыру жоспарының іс-шаралар тізімі	15
8	Жоспардың ресурстық қамтамасыз етілуінің негіздемесі	16
9	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру тетігі	16
10	SWOT–талдау	17
11	Түлек моделі	19

**6B08101 – Аграрномия білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының
паспорты (2024–2028 жылдарға арналған)**

1	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеудің негіздері	Білім беру бағдарламасын (БББ) дамыту жоспарының стратегиясы мен тақырыбы жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына, сондай-ақ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ-ның 2024–2028 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес келеді.
2	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі әзірлеушілері	Кафедра меңгерушісі: қауымд. профессор Жаңбырбаев Е.А. профессор, а.ш.ғ.к. Жоламанов Қ.К. аға оқытушы, а.ш.ғ.м. Қанатова М.Қ. Жұмыс беруші: «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директоры, профессор, а.ш.ғ.к. Бастаубаева Ш.О.
3	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру мерзімі	2024 – 2028 жж.
4	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының көлемі мен қаржыландыру көздері	Қаржыландыру көздері – мемлекеттік бюджет және шаруашылық келісімшарттық негіздегі қаржыландыру
5	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудың күтілетін нәтижелері	Аграрномия саласындағы маманның кәсіби құзыреттері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес даярлау, инновациялық ресурсты үнемдейтін агротехнологияларды әзірлей және енгізе алатын маманды қалыптастыру; түлектің әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерін және ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу қабілетін қалыптастыру.
6	Кадрларды даярлау бағытындағы лицензияның қосымша нөмірі	KZ89LAA00031870 2021 жылғы 5 тамыз, өзгерістер мен толықтырулар KZ69LAM00001188 2025 жылғы 4 наурыз
7	Білім беру бағдарламасының аккредитациясы Аккредитациялық органның атауы Аккредитацияның қолданылу мерзімі	«Тәуелсіз аккредитация және рейтинг агенттігі» (НАР) 24.12.2020-23.12.2025г.

2. Бағдарламаның талдамалық негіздемесі

2.1. Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

Білім беру бағдарламасының мазмұны келесі құжаттармен айқындалады:

Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мамандықтар топтарының жіктеуіші. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан шығару алгоритмі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығы;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары және білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізу мен одан шығару негіздері. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы.

Кәсіби стандарт. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №339 бұйрығына 72-қосымша.
Кәсіби стандарт: <http://atameken.kz/>

1. Кәсіби стандарт «Көшеттер өсіру қызметі» — Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 2022 жылғы 26 қазандағы №190 бұйрығына 7-қосымша.

2. Кәсіби стандарт «Дәнді дақылдар өндірісі» — 2022 жылғы 26 қазандағы №190 бұйрыққа 9-қосымша.

3. Кәсіби стандарт «Жылыжай көкөністері мен жидектер өндірісі» — 2022 жылғы 26 қазандағы №190 бұйрыққа 10-қосымша.

4. Кәсіби стандарт «Орманды қалпына келтіру және орман өсіру» — Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 2023 жылғы 30 мамырдағы №100 бұйрығына 24-қосымша.

5. Кәсіби стандарт «Ашытқы өндірісі» — Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №263 бұйрығына 44-қосымша.

«6B08101 – Агрономия» білім беру бағдарламасының мақсаты – Агрономия саласындағы маманды кәсіби құзыреттер мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес даярлау, инновациялық және ресурсты үнемдейтін агротехнологияларды әзірлей және енгізе алатын маманды қалыптастыру; түлектің әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу қабілетін қалыптастыру.

Бағдарлама «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ базасында «6B08101 – Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлауға арналған.

2.2. Білім алушылар туралы мәліметтер

2025–2026 оқу жылында бакалавриаттың білім алушыларының контингенті 121 студентті құрайды, олардың ішінде 78 студент қазақ бөлімінде, 43 студент орыс бөлімінде оқиды. Соның ішінде 83 студент мемлекеттік білім гранты негізінде, ал 38 студент ақылы шарт негізінде білім алуда (оның ішінде 1 студент — Ресей Федерациясының азаматы, 1 студент — Өзбекстан Республикасының азаматы, 1 студент — Венгрия азаматы, 1 студент — Пәкістан азаматы).

Таблица 2 – Білім алушыларының контингенті

Оқу жылы	ОП 6B08101- Агрономия				
	барлығы	қазақ	орыс	грант	келсімшарт
2024-2025	42	26	16	35	7
2025-2026	121	78	43	83	38

2.3. Білім беру бағдарламасын дамытуға арналған ішкі жағдайлар

Жоғарыда көрсетілген білім беру бағдарламасының мақсатын іске асыру үшін факультетте тиісті материалдық-техникалық ресурстар бар;

- компьютерлік жабдықтармен, қажетті бағдарламалық қамтамасыз етумен және презентацияларды көрсетуге арналған проектормен жабдықталған дәрісханалар;;

- практикалық сабақтар өткізуге арналған аудиториялар, соның ішінде интернет желісіне қолжетімді және тиісті бағдарламалар орнатылған компьютерлік сыныптар;

- шетел тілдері бойынша сабақтар өткізуге арналған мультимедиялық кабинеттер;

- студенттердің өзіндік оқу жұмысын орындауы үшін электрондық оқу құралдарына, курстық және дипломдық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтарға қолжетімділік қамтамасыз етілген;

- студенттердің оқу-зерттеу жұмыстарын орындауы үшін түлектерді даярлайтын кафедрада барлық қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтер бар;

- білім беру бағдарламасының қаржылық ресурстары университет бюджеті, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және халықаралық ғылыми-білім беру жобалары есебінен қамтамасыз етіледі;

- ақпараттық ресурстар ББ қарамағында және кітапхана қорымен (оның ішінде электронды басылымдармен), барлық білім алушылар мен профессор-

оқытушылар құрамының интернет желісіне және компьютерлік қамтамасыз ету жүйесіне еркін қолжетімділігімен ұсынылған;

- кадрлық құрам ББ дамыту жоспарына сәйкес толық жасақталған;
- материалдық-техникалық база мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сай келеді.

Мамандық бойынша оқу-әдістемелік құжаттар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген, оның ішінде:

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарлары, жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбелер, таңдау пәндерінің каталогтары, сондай-ақ барлық оқу бағыттары бойынша оқу-әдістемелік кешендер (ПОӘК).

Дипломдық жұмыстардың тақырыптық бағыттары кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарының (бастамашылық ғылыми жобалардың) мазмұнына сәйкес келеді.

Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелілігін арттыруға, сондай-ақ олардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуіне ерекше назар аударылады. Бұл курстар отандық жоғары оқу орындарында, жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарында және ғылыми-зерттеу мекемелерінде өткізіледі.

2.4. Қоршаған әлеуметтік ортаның сипаттамасы

Университет тарапынан зерттеу практикасын өткізуге жағдайлар жасалған: практикадан өтуге арналған бағдарламалар әзірленген, олардың мазмұны мамандар даярлаудың мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді; практиканы өткізу бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шарттар жасалған; практика барысында университет пен практика базасы тарапынан жетекшілер білім алушылармен тұрақты түрде кеңес өткізіп, бағыт-бағдар беріп, кәсіби қызметін атқаруға көмектеседі; практика аяқталғаннан кейін студенттердің есептік құжаттары жиналып, талданады; практика нәтижелері бойынша бекітілген комиссия құрамымен бірлесе отырып қорытынды шығару жұмыстары жүргізіледі және белгіленген тәртіппен докторанттардан практика бойынша сынақ қабылданады.

Практика бойынша қорытынды баға келесідей анықталады: кәсіпорын тарапынан практика жетекшісінің бағасы – 100%, сондай-ақ кафедра жетекшісінің есепті қорғау нәтижесі бойынша бағасы қойылады.

Практика өткізу орындарына, жағдайларына және мазмұнына, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылардың деңгейіне білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының және жұмыс берушілердің қанағаттанушылығының нәтижесі – практика базаларын ұсынатын ұйымдардың пікірлері мен пікіртерімен болып табылады.

Белгілі бір түрдегі практиканы аяқтағаннан кейін докторанттар арасында практика өткізу орындары мен ұйымдастырылуына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізіледі. Сонымен қатар, практика базаларының жетекшілері арасында білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттану дәрежесін бағалау мақсатында сауалнама өткізіледі.

Практиканың өту барысын, оның ұйымдастырылу сапасын «Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасы мен Практика және жұмысқа

орналастыру бөлімі тұрақты түрде бақылайды. Мониторинг нәтижелері бойынша аталған бөлім мен кафедра практика ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлейді.

«Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС «6B08101 – Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша практика базалары болып табылады:

2.5. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын профессор-оқытушылар құрамы туралы мәліметтер

Докторантураның білім беру бағдарламасын жүзеге асыру ғылыми-педагогикалық кадрлармен ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Осы білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға тартылған ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің тізімі оқу үдерісінің кадрлық қамтамасыз етілуі және штаттардың толықтырылуы туралы анықтамада көрсетілген.

Кафедраның оқытушылар құрамының сапалық және сандық құрамы: «Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасында 23 оқытушы жұмыс істейді, олардың ішінде 2 ғылым докторы, 13 ғылым кандидаты және 4 PhD докторы бар. Кафедраның ғылыми дәрежелілігі – 82,6 %, профессор-оқытушылар құрамының орташа жасы – 50 жас. Барлық оқытушылар (100%) сабақтарды мемлекеттік және ұлтаралық қатынас тілдерінде жүргізеді, ал 4 оқытушы ағылшын тілінде дәріс береді.

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын жүзеге асыру тиісті пәндер бейініне сәйкес базалық білімі бар және жүйелі түрде ғылыми және (немесе) ғылыми-әдістемелік қызметпен айналысатын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі. Профильдік цикл модульдері мен пәндерін жүргізетін оқытушылар, әдетте, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесіне ие және (немесе) тиісті кәсіби салада жұмыс тәжірибесі бар мамандар болып табылады.

«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасының кадрлық құрамының өзектілігі — заманауи талаптарға сай жоғары білім сапасын қамтамасыз ету мен ғылыми зерттеулер жүргізуге бағытталуында. Кафедра құрамына профессор-оқытушылар құрамы, оқу-көмекші персонал, сондай-ақ магистранттар мен докторанттар кіреді. Осы құрамның мақсаттарға қаншалықты тиімді сәйкестігі оқу үдерісінің сапасына, жаңа стандарттардың енгізілуіне және университеттің ғылыми әлеуетіне тікелей әсер етеді.

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын оқытушылар көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында біліктілігін арттыру курстарынан өту, Қазақстан Республикасы мен шетелдерде тағылымдамадан өту, халықаралық және республикалық ғылыми, ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік конференциялар мен семинарларға қатысу арқылы өз кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады.

Профессор-оқытушылар құрамы туралы барлық кәсіби ақпараттар Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ресми сайтында келесі сілтеме арқылы қолжетімді:

2.6. ББ-ның жетістіктер сипаттамасы

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасының жетістіктеріне соңғы жылдары түлектердің жоғары жұмысқа орналасу деңгейі (62%-дан 87%-ға дейін), студенттерде ауыл шаруашылығы өндірісін басқару мен жетілдіруге қажетті негізгі құзыреттердің қалыптасуы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің заманауи технологияларын табысты қолдану жатады. Бұл жетістіктер арнайы және сабақтас пәндер бойынша терең білім мен өндірістік үдерістерді ұйымдастыруға арналған практикалық дағдыларды қамтитын кешенді дайындық нәтижесінде қамтамасыз етіледі.

«6B08101 – Агрономия» білім беру бағдарламасы еңбек нарығының қазіргі талаптарына, ғылым мен технологиялардың даму үрдістеріне, сондай-ақ университеттің бәсекеге қабілетті мамандар даярлау сапасын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1. Ғылыми-зерттеу қызметі. Кафедрада өсімдік шаруашылығын дамытудың өзекті бағыттарын қамтитын қолданбалы және бастамашыл тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Ғылыми жобаларға студенттер белсенді түрде тартылады, бұл олардың зерттеу құзыреттері мен тәжірибелік дағдыларын — тәжірибе қою, деректерді талдау және ғылыми нәтижелерді рәсімдеу қабілеттерін — қалыптастыруға ықпал етеді.

Студенттердің ғылыми байқау жұмыстары мен дипломдық жобаларының тақырыптары кафедраның басым ғылыми бағыттарына сәйкес келеді, оған егіншілік, өсімдік шаруашылығы, мал азығын өндіру, тұқым шаруашылығы және өсімдік биотехнологиясы кіреді. Білім алушылардың ғылыми зерттеу нәтижелері студенттік конференцияларда, байқауларда ұсынылып, ғылыми жинақтар мен журналдарда жарияланады.

2. Білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру. Еңбек нарығының талаптарын талдау және жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде оқу жоспарлары мен элективті пәндер каталогтарына қажетті өзгерістер мен жаңа пәндер жүйелі түрде енгізіліп отырады. Бұл пәндер білім алушылардың тәжірибеге бағытталған және зерттеушілік құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарламаның осындай икемділігі мен бейімделгіштігі оның өзектілігін және қазіргі кәсіби стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

3. Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламасының мазмұнын қалыптастыруға, өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыруға және түлектердің қорытынды құзыреттерін бағалауға белсенді түрде қатысады. Өртүрлі агроқұрылымдармен бірлескен жұмыс оқу үдерісінің практикалық бағытын нығайтуға және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыруға ықпал етеді.

4. Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстармен белсенді түрде айналысады. Олар оқу-әдістемелік құралдар мен монографиялар әзірлеп, басып шығарады, гранттық жобаларға қатысады және халықаралық

ғылыми-тәжірибелік конференцияларға тұрақты түрде қатысып отырады. Оқытушылар дуальды және аралас оқыту форматтарының элементтерін, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарын қамтитын заманауи оқыту технологияларын енгізуде..

5. Академиялық ұтқырлық пен халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Бағдарлама аясында магистранттар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту шаралары жүзеге асырылады, шетелдік серіктес университеттермен ғылыми тағылымдамалар мен тәжірибе алмасулар ұйымдастырылады. Шетелдік ғалымдардың дәрістер мен шеберлік сабақтарын өткізуге тартылуы бағдарламаның академиялық деңгейін арттыруға және халықаралық байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді.

3. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары бағытталған мәселелер сипаттамасы және оларды шешудің қажеттілігін негіздеу

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын дамыту жоспары келесі мәселелерді шешуге бағытталған: материалдық-техникалық базаның ескіруі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен өзара байланыстың әлсіздігі, аграрлық мамандықтардың тартымдылығының төмендігі және оқытушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне деген мотивациясының жеткіліксіздігі.

Бұл мәселелерді шешу қажеттілігі өсімдік шаруашылығы саласын жаңғыртудың, қазіргі заман талаптарына сай кадрлар даярлаудың және заманауи жағдайда жұмыс істей алатын білікті мамандарды қалыптастырудың маңыздылығымен айқындалады.

Бүгінгі таңда кафедрада келесі проблемалар бар:

- Білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгермеуі;
- Профессорлық-оқытушылық құрамның инновациялық оқыту әдістерін қолданудағы мобильділігі мен мотивациясының жеткіліксіздігі.

4. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары – жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін, білікті әрі бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп кешені (АӨК) саласындағы мамандарды даярлау, сондай-ақ университеттің даму стратегиясына сәйкес білім беру бағдарламасын жетілдіру болып табылады.

Негізгі міндеттер мыналардан тұрады: оқытушылардың біліктілігін арттыру; ақпараттық-техникалық базаны жақсарту; білім алушылардың мүддесіне бағытталған (студентоцентрлік) оқыту әдістерін енгізу, бұл өз кезегінде білім сапасын және түлектердің кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

№	Міндеттің атауы	Іс шаралар
1	Толыққанды, сапалы кәсіби білім алуға қажетті жағдайларды жақсарту және жетілдіру.	Кәсіби құзыреттер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында білім беру қызметтерін жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлеу.
2	Білім беру бағдарламасын жетілдіру процесіне, түлектің кәсіби құзыреттерін айқындауға және жұмыс беруші ұсынған пәндер бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуге жұмыс берушілерді тарту.	Білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту барысында еңбек нарығының сұраныстарына сай және жұмыс берушілер ұсынған пәндерді енгізу, сондай-ақ пәндердің мазмұнын жаңарту.
3	Бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және оқу-әдістемелік әдебиеттер шығару мақсатында шетелдік серіктестермен тығыз байланыстар орнату.	Бірлескен ғылыми зерттеулерді әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару.
4	Оқу үдерісінің барлық кезеңінде білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысын (ҒЗЖ) дербес орындауына жағдай жасау.	Білім беру бағдарламасына ғылыми-зерттеу жұмысын енгізу – оны дамыту және жетілдіру мақсатында.
5	Дипломдық жұмыстардың өзекті және тәжірибелік маңызы бар тақырыптарын таңдауда жұмыс берушілер мен ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдарымен консультациялар ұйымдастыру, сондай-ақ студенттердің республиканың жетекші ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми зерттеулер жүргізуін қамтамасыз ету.	Жұмыс берушілер мен ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының ұсыныстарын ескере отырып, өзекті және тәжірибелік маңызы бар тақырыптардың тізімін жасау.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- a. Инновациялық білім беру ортасын құру;
- b. Білім беру кеңістігін кеңейту;
- c. Дарынды жастарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту;
- d. Оқытылатын тілдер спектрін кеңейту мақсатында көптілді білім беруді дамыту;
- e. Кадрлық әлеуетті дамыту;
- f. Профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру жүйесін әзірлеу;
- g. Университеттің алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен ғылыми жобалар мен білім алушылар мен ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығы аясында халықаралық ынтымақтастығын кеңейту;
- h. Түлектердің еңбек нарығындағы сұранысын қамтамасыз ету;

- i. Білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту және жетілдіру, оқу зертханаларының материалдық базасын жаңғырту, дәріс және зертханалық сабақтардың мазмұнын ғылымның соңғы жетістіктерін ескере отырып жаңарту;
- j. Жұмыс берушілермен өзара байланысты жетілдіру жүйесін дамыту;
- k. Оқытушылардың инновациялық оқыту технологиялары саласындағы біліктілігін республикалық және халықаралық деңгейде арттыру. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелілігін одан әрі арттыру мақсатында университетке жас оқытушыларды ғылыми зерттеулерге тарту және оларды кейіннен докторантурада оқыту жұмысын күшейту қажет.

Білім беру бағдарламасының одан әрі дамуын ескере отырып, келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуі тиіс:

- Ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының үлесін арттыру;
- Халықаралық деңгейде кәсіби біліктілікті арттыру курстарынан өтуді жоспарлау;
- Шетел тілдерін меңгерген оқытушылардың санын көбейту;
- Жоғары импакт-факторы бар журналдарда жарияланатын ғылыми еңбектердің санын арттыру;
- Халықаралық гранттар аясында ғылыми жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға белсенді қатысу.

5. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудың күтілетін түпкі нәтижелері

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын игерудің күтілетін соңғы нәтижелері түлектердің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға қажетті әмбебап, жалпы және кәсіби құзыреттердің қалыптасуын қамтиды. Бұл – олардың оқу барысында меңгеретін нақты білімдері, іскерліктері мен дағдылары, сондай-ақ агрономия саласында табысты еңбек етуге мүмкіндік беретін жеке қасиеттерінің қалыптасуы. 6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын дамыту жоспары бойынша іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде келесі түпкі нәтижелерге қол жеткізу күтіледі:

1. Мамандарды даярлау сапасы

Теориялық білім мен тәжірибелік құзыреттерге ие, жер өңдеу, өсімдік шаруашылығы, мал азығы өндірісі және далалық дақылдар тұқым шаруашылығы салаларында жоғары білікті агроном-мамандарды даярлау.

Түлектерде агрономия мен оған іргелес салалардың қазіргі даму жағдайларында ғылыми-зерттеу, өндірістік және инновациялық қызметті жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру.

Кәсіби міндеттерді шешуде сыни тұрғыдан ойлау, жобалық және аналитикалық тәсілдерді қолдану дағдыларын дамыту.

2. Ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту

Магистранттарды ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тарту, әртүрлі деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының жетекші ғылыми-зерттеу институттарында және отандық әрі шетелдік серіктестермен бірлескен ғылыми базаларда зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау.

Профессор-оқытушылар құрамы мен магистранттардың рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланым белсенділігінің артуы.

3. Білім, ғылым және өндіріс интеграциясы

Білім беру процесінің тәжірибелік бағытын күшейту мақсатында жұмыс берушілермен және бейінді кәсіпорындармен өзара әрекеттестікті нығайту.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін және жұмыс берушілердің олардың кәсіби даярлығының сапасына қанағаттанушылығын арттыру.

4. Халықаралық ынтымақтастық және мобильдік

Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын кеңейту, Erasmus+ және басқа да халықаралық бағдарламаларға қатысу.

ҚазҰАЗУ-да шетелдік жоғары оқу орындарының профессорларын оқу және ғылыми қызметтерге тарту. Білім беру бағдарламасының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

5. Цифрлық білім беру ортасын дамыту

Университеттің білім беру порталын кеңінен пайдалану мүмкіндіктерін арттыру — пәндерге онлайн тіркелу, цифрлық оқу материалдарына қол жеткізу жүйесін жетілдіру.

Магистранттар мен оқытушылардың цифрлық құзыреттерін арттыру және оқу процесін жекешелендіру мақсатында Coursera, Aisana, Astana Hub, HUAWEI және басқа да халықаралық онлайн-білім беру платформаларын белсенді пайдалану.

6. Оқу-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етуді жетілдіру

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы тарапынан оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару және жаңарту.

Дайындықтың барлық деңгейлері бойынша заманауи оқу-әдістемелік және зертханалық материалдарды сатып алу.

Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, ғылыми және өндірістік ұйымдарда, соның ішінде шетелде тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын жүзеге асыру нәтижесінде:

- 6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасының сапасы мен тартымдылығы республикалық және халықаралық деңгейде артады;
- ғылым, білім және аграрлық өндіріс салаларында жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті, мобильді және жауапты мамандар қалыптасады;
- ҚазҰАЗУ инновациялық және халықаралық бағдарланған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын жетекші жоғары оқу орны ретіндегі имиджі нығаяды.

6. Білім беру бағдарламасына төнетін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс-шаралар

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын іске асыру мен оның тұрақты дамуына ықпал етуі мүмкін тәуекелдерді барынша азайту мақсатында келесі іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

№	Іс - шаралар	Күтілетін нәтижелер	Жауаптылар
1	Кәсіби бағдар беру жұмысын жандандыру арқылы докторанттар контингентін арттыру. Докторанттарды мақсатты даярлау үшін жетекші ғылыми-зерттеу институттарымен және ғылыми орталықтармен келісімшарттар жасау. Халықаралық қабылдауды дамыту (соның ішінде ТМД елдерінен).	Білім алушылар санының артуы және бағдарламаның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету.	Кафедра, ҚазҰАЗУ қабылдау комиссиясы
2	Студенттерді оқу-әдістемелік әдебиетпен толық қамтамасыз ету (кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының оқу-әдістемелік еңбектерін шығару, кітапхана қорларын жаңарту, заманауи әдебиеттер мен электрондық ресурстарды сатып алу).	Оқу процесінің сапасын және білім беру ресурстарына қолжетімділікті арттыру.	Кафедра, ҚазҰАЗУ кітапханасы
3	Зерттеу тәжірибелерін ұйымдастыру және түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу мақсатында жетекші шаруашылық субъектілерімен келісімшарттар жасау.	Оқыту үдерісінің тәжірибеге бағытталуын және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру.	Кафедра, ҚазҰАЗУ-дың Практика және жұмысқа орналастыру бөлімі
4	Зертханалық заманауи жабдықтарды, шығын материалдарын және реактивтерді уақтылы жоспарлы түрде жаңарту және сатып алу.	Білім беру үдерісі мен ғылыми зерттеулердің талаптарына сәйкес заманауи материалдық-техникалық база.	Кафедра, ҚазҰАЗУ-дың сатып алу бөлімі
5	Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында тағылымдамалар, курстар мен семинарлар өткізу.	Оқытушылардың кәсіби деңгейін және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру.	Кафедра, ҚазҰАЗУ-дың біліктілікті арттыру бөлім

6	Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының халықаралық ынтымақтастығы мен академиялық ұтқырлығын жандандыру. Халықаралық білім беру және ғылыми жобаларға қатысу.	Академиялық алмасуларды кеңейту және нығайту, білім беру бағдарламасының халықаралық мәртебесін арттыру.	Кафедра, ҚазҰАЗУ-дың халықаралық бөлімі
7	Білім беру үдерісінің цифрлық инфрақұрылымын дамыту (университет порталын жаңарту, мониторинг пен кері байланысқа арналған цифрлық құралдарды енгізу).	Әкімшілік тәуекелдерді төмендету, білім беру үдерісінің ашықтығы мен басқарылуын арттыру.	Кафедра, IT-департамент

7. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының іс-шаралар тізімі

№	Іс-шаралар	Іске асыру мерзімдері	Жауаптылар	Күтілетін нәтижелер
1	Ауыл шаруашылығының заманауи талаптарын, цифрландыру үдерісін және «жасыл» технологияларды ескере отырып, жұмыс оқу бағдарламасын өзектендіру.	жыл сайын (оқу жылының алдында)	кафедра	Еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңартылған оқу жоспарлары.
2	Оқу үдерісіне цифрлық технологиялар мен агроақпараттық жүйелерді (AgroData, GIS, SmartFarm) енгізу.	2025–2027 жж.	кафедра, IT-қызметі	Студенттердің цифрлық құзыреттерін арттыру.
3	Білім беру бағдарламасының негізгі пәндері бойынша бейнедерістер мен онлайн-курстарды (MOOK) әзірлеу және енгізу.	2025–2026 жж.	Кафедра оқытушылары, ОЦДО	Оқытудың қолжетімділігі мен интерактивтілігін арттыру.
4	Практикаға бағытталған оқытудың үлесін арттыру (өндірістік тәжірибелер, тағылымдамалар, далалық сабақтар).	жыл сайын	кафедра, базалық шаруашылықтар	Білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамыту.
5	Бірлескен ғылыми зерттеулер мен өндірістік тәжірибелер жүргізу мақсатында аграрлық кәсіпорындармен және ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастықты кеңейту.	2025–2027 жж.	кафедра, Халықаралық қатынастар департаменті	Жұмыс берушілермен өзара әрекеттесу деңгейін арттыру.
6	Топырақтану, өсімдік шаруашылығы және агроэкология сияқты сабақтас бағыттар бойынша Minor-бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру.	2025–2026 жж.	кафедра, оқу бөлімі	Студенттердің білім беру траекторияларын жекелендіру.
7	Жыл сайын Agromony Days (жұмыс жәрмеңкелері, жұмыс берушілердің шеберлік сабақтары) іс-шараларын өткізу.	жыл сайын	кафедра,	Студенттер мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайту.
8	Студенттерді ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, байқауларға және жастарға арналған гранттық бағдарламаларға даярлау және олардың қатысуын қамтамасыз ету.	жыл сайын	кафедра, студенттік ФИО	Зерттеу және талдау құзыреттерін дамыту.
9	Оқытушылардың біліктілігін арттыру (тағылымдамалар, курстар, Erasmus+ және басқа халықаралық жобаларға қатысу).	жыл сайын	кафедра, кадр бөлімі	Оқыту сапасын арттыру және инновацияларды енгізу.
10	Білім беру бағдарламасының сапасына қатысты студенттер мен жұмыс берушілердің қанағаттанушылығын мониторингтеу.	жыл сайын	кафедра, ОӘК	Оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру.

- **8. Жоспардың ресурстық қамтамасыз етілуін негіздеу**
- ақпараттық ресурстар;
- электрондық оқу материалдары мен басқа да қолжетімді оқу-әдістемелік ресурстардан тұратын кітапхана қоры;
- кадрлық құрам;
- білікті профессор-оқытушылар құрамы;
- материалдық-техникалық база.

9. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру тетігі

6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру тетігі оқу жоспарларын, пәндердің жұмыс бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуді, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалауды қамтиды.

Білім беру бағдарламасы 6B08101 – «Агрономия» дамыту жоспарын тиімді жүзеге асыру үшін мамандарды даярлау сапасын арттыруға және бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға бағытталған іс-шараларды кезең-кезеңімен орындау көзделген.

1. Білім алушылар контингентін арттыру. Докторанттарды мақсатты даярлау үшін жетекші ғылыми-зерттеу институттарымен және ғылыми орталықтармен келісімшарттар жасалады. Білім беру бағдарламасын халықаралық білім беру платформаларында ілгерілетуге, көрмелерге, форумдарға және кәсіби бағдар беру кездесулеріне қатысуға ерекше назар аударылады.

2. Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын жетілдіру. Кафедра қызметкерлері жұмыс берушілердің қатысуымен элективті пәндер каталогын әзірлейді және жыл сайын жаңартады, бұл білім беру нәтижелерінің еңбек нарығының заманауи талаптарына және кәсіби стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бағдарламаға пәнаралық тәсілдер белсенді түрде енгізілуде.

3. Тәжірибеге бағытталған оқытуды дамыту. Магистрант-агрономдардың тәжірибеге бағытталған оқытуын дамыту АӨК-нің нақты міндеттерімен байланысын күшейтуді қамтиды. Бұл — жобалық қызмет, тағылымдамалар, кәсіби жағдайларды (кейстерді) шешу және ғылыми-зерттеу институттары базасында ғылыми жобаларға қатысу арқылы жүзеге асырылады. Магистранттарда тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттерді, заманауи технологиялармен жұмыс істеу тәжірибесін және практикалық міндеттерді шешуде білімін қолдану дағдыларын дамыту маңызды.

4. Сыртқы сарапшыларды тарту және халықаралық ынтымақтастық. Дәрістер мен практикалық сабақтарды, шеберлік сыныптарын және ғылыми кеңестерді өткізу үшін жақын және алыс шетелдердің жетекші ғалымдары мен мамандары шақырылады. Докторанттар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын белсенді дамыту, сондай-ақ шетелдік серіктестермен бірлескен білім беру және ғылыми жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру көзделеді.

5. Білім беру үдерісінің ақпараттық-цифрлық қамтамасыз етілуі. 6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасы магистранттарының оқу процесін ақпараттық-цифрлық тұрғыдан қамтамасыз ету заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды пайдалануды қамтиды. Оған онлайн-курстар, оқу процесін басқару жүйелері (LMS), электрондық кітапханалар, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенде тікелей қолданылатын геоақпараттық жүйелер (ГИС), заттар интернеті

(IoT) және жасанды интеллект (AI) сияқты мамандандырылған цифрлық шешімдер кіреді.

6. *Жоспарды іске асырудың тиімділігін мониторингтеу және бағалау.* Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі тиімділік көрсеткіштері тұрақты түрде бақыланып отырады: түлектердің жұмысқа орналасуы, жұмыс берушілердің қанағаттанушылық деңгейі, академиялық үлгерім, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының ғылыми белсенділік деңгейі. Талдау нәтижелері даму жоспарын одан әрі түзету және білім беру бағдарламасын жаңарту үшін пайдаланылады.

10. SWOT – талдау

S (strength) – Күшті жақтары	W(weakness) – Әлсіз жақтары
-Білім беру бағдарламасының (ББ) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына және аграрлық білім берудің заманауи үрдістеріне сәйкестігі. - Профессорлық-оқытушылық құрамның жоғары біліктілігі, оның ішінде ғылым докторлары мен кандидаттарының, сондай-ақ салалық тәжірибесі бар оқытушылардың болуы. - Өндірістік тәжірибе мен далалық жұмыстарды өткізуге арналған базалық шаруашылықтар мен өндірістік алаңдардың болуы. - Жұмыс берушілермен және салалық ұйымдармен (агрохолдингтер, ғылыми-зерттеу институттары, шаруа қожалықтары) белсенді өзара байланыс. - Топырақтану, өсімдік шаруашылығы, экология сияқты сабақтас бағыттар бойынша модульдік және Minor бағдарламаларын іске асыру мүмкіндігі.	- Ағылшын тілінде жүргізілетін пәндердің үлесінің жеткіліксіздігі. - Дәлме-дәл егіншілік бойынша зерттеу және практикалық сабақтар өткізуге арналған материалдық-техникалық ресурстардың шектеулілігі. - Білім беру үдерісінің цифрлану деңгейінің төмендігі (арнайы бағдарламалар мен симуляторлардың болмауы). - Студенттердің халықаралық академиялық алмасу бағдарламаларына қатысуының жеткіліксіздігі. - Студенттер мен жас оқытушылардың ғылыми жарияланымдық белсенділігінің төмендігі.
O (opportunity) – мүмкіндіктер	T (thread) – Қауіп-қатерлер
- Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту (қос дипломды бағдарламалар, академиялық ұтқырлық, Erasmus+, DAAD және	-Талапкерлердің ауыл шаруашылығы мамандықтарына қызығушылығының төмендеуі. - Ұқсас бағдарламаларды ұсынатын басқа

басқа да жобалар). - Білім беру үдерісіне цифрлық және «ақылды» технологияларды (Smart Agriculture, GIS, Big Data) енгізу. - Білімге қолжетімділікті арттыру мақсатында бейнедәрістер мен онлайн-курстарды (MOOK) жүзеге асыру. - Оқытушылар мен студенттердің гранттық жобаларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуы. - Ғылым, білім және өндіріс интеграциясын дамыту (жобалық оқыту, агроинкубаторлар).	аграрлық жоғары оқу орындарымен бәсекелестік. - Аграрлық білім берудің нормативтік-құқықтық базасында болуы мүмкін өзгерістер. - Зертханалар мен оқу полигондарын жаңғыртуға арналған қаржыландырудың жеткіліксіздігі. - Кадрлардың кетуі (жоғары білікті мамандардың жеке секторға ауысуы).
---	---

11. 6B08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасының түлегі моделі

№	Түлек сипаттамасы	Негізгі құзыреттер	Оқу нәтижелері	Қызметтің ықтимал салалары
1	Агрономия саласында кәсіби даярланған маман	Егіншілік, өсімдік шаруашылығы, мал азығы өндірісі және далалық дақылдардың тұқым шаруашылығы салаларындағы білім. Цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өндірісін басқарудың заманауи әдістерін меңгеру.	- фермерлік және басқа да шаруашылықтар үшін олардың мамандануын, жер-жер ресурстары мен топырақ-климаттық жағдайларды ескере отырып, заманауи қысқа ротациялық егін айналымдарының (сезоноборт) схемаларын әзірлеу; - инновациялық технология элементтерін енгізуді ескере отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің технологиялық карталарын құрастыру.	- акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, ауыл шаруашылығы бағытындағы фирмалар; - фермерлік және шаруа қожалықтары, өндірістік кооперативтер; - ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибелік-зерттеу мекемелері; - өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу кәсіпорындары; - ауыл шаруашылығы дақылдарын сортсынау мекемелері; - ауыл шаруашылығы тәжірибе станциялары.
2	Зерттеуші және жаңашыл	- Ғылыми гипотезаларды тұжырымдау және эксперименттер жүргізу қабілеті. - Жобалық және зерттеу қызметі дағдылары.	- Ғылыми жобаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысады. - Нәтижелерді талдай алады, есептер мен жарияланымдарды рәсімдейді.	Ауыл шаруашылығы бейіндегі ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары.
3	Тәжірибеге бағытталған маман	- Білімін тәжірибеде қолдану қабілеті. - Қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз егіншілік жүйесін ұйымдастыру мен әзірлеу дағдыларына ие болу, өсімдік шаруашылығы өнімдерінде зиянды және қауіпті	- Зертханалық зерттеулер жүргізеді, нәтижелерді талдайды және инновациялық шешімдерді енгізеді. - Өндірістік үдерістерге қатысады.	- акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, ауыл шаруашылығы бағытындағы фирмалар; - фермерлік және шаруа қожалықтары, өндірістік кооперативтер;

		заттардың бар-жоғына сараптама жүргізу.		- ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибелік-зерттеу мекемелері; - өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу кәсіпорындары; - ауыл шаруашылығы дақылдарын сортсынау мекемелері.
4	Коммуникативтік және әлеуметтік тұрғыдан құзыретті тұлға	- Іскерлік және ғылыми қарым-қатынас дағдыларын меңгеру. - Топта және пәнаралық ортада жұмыс істей білу. - Зерттеу нәтижелерін таныстыра білу қабілеті.	- Кәсіби қауымдастықта тиімді өзара әрекеттеседі. - Көшбасшылық қасиеттер мен коммуникациялық дағдыларды көрсетеді.	Академиялық және корпоративтік орта, жобалық және зерттеу топтары.
5	Этикалық және экологиялық жауапкершілігі жоғары азамат	- Агрономиялық қызметтің әлеуметтік және экологиялық маңыздылығын түсіну. - Ғылыми және кәсіби этика нормаларын сақтау.	- Зерттеулер жүргізу барысында этикалық қағидаларды сақтайды. - Биотехнологиялық шешімдердің экологиялық тәуекелдері мен салдарын бағалайды.	- акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, ауыл шаруашылығы бағытындағы фирмалар; - фермерлік және шаруа қожалықтары, өндірістік кооперативтер; - ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибелік-зерттеу мекемелері; - өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу кәсіпорындары; - ауыл шаруашылығы дақылдарын сортсынау мекемелері.
6	Ақпараттық технологиялар	-Заманауи цифрлық құралдар мен деректер базаларын меңгеру.	- Деректерді талдау, алмасу және визуализациялау үшін цифрлық платформаларды пайдаланады.	Университеттер, халықаралық зерттеу орталықтары

	саласында сауатты және мобильді маман	-Академиялық ұтқырлыққа және халықаралық ынтымақтастыққа дайын болу.	- Халықаралық академиялық және зерттеу жобаларына қатысады.	
--	--	--	--	--

Оқу нәтижесінде түлек мыналарды меңгеруі тиіс:

Кодтар	ОП 6В08101-Агрономия бойынша күтілетін оқу нәтижелері
PO1	Жаратылыстану ғылымдары пәндерінің заңдылықтарын, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау нормаларын, тұрақты дамудың қағидаттарын, адамгершілік дамудың ережелерін түсіну, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын білу. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін анықтау және оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
PO2	Қазақстанның әртүрлі өңірлерінің ауа райы-климаттық және топырақ жағдайларының ерекшеліктері жөніндегі білім мен түсінікті көрсете білу, оларды егіншілік жүйесінде саралап пайдалану, сондай-ақ агрономиялық зерттеулерде микроорганизмдерді және топырақтың агрохимиялық көрсеткіштерін қолдану..
PO3	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жасанды интеллект элементтері негізінде агротехнологияларды басқарудың негіздерін, сондай-ақ топырақты қорғау жүйесін, биологиялық егіншіліктің және органикалық өнім өндірудің қағидаттарын білу.
PO4	Кәсіпорынның (ұйымның) қызметінің тиімділігіне экономикалық талдау жүргізу, агрономия саласында заманауи зерттеу әдістерін қолдану, мелиорацияланған жерлерді интенсивті пайдалануда физика-математикалық талдаулар негізінде зерттеу жүргізу.
PO5	Өсімдіктердің биологиясын, зиянды организмдердің негізгі түрлерін және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырудағы генетиканың, селекцияның, тұқым шаруашылығы мен сорттанудың маңызын білу.
PO6	Республиканың әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарында топырақ құнарлылығын сақтау мен қалпына келтіру бойынша инновациялық әдістерді пайдалана отырып, далалық тәжірибелер жүргізу және олардың нәтижелерін цифрландыру үдерісінде қолдану.
PO7	Өсімдік шаруашылығын бейімдеу, ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау және болжау барысында өздігінен білімін жалғастыруға қажетті оқу дағдыларын пайдалану.
PO8	Селекция мен тұқым шаруашылығында биотехнологиялық әдістерді зерттеу, сондай-ақ дақылдардың өнімділігін арттырудағы селекция мен тұқым шаруашылығының маңызы мен рөлін білу.
PO9	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, егіншілік, жемшөп өндірісі және жеміс-көкөніс шаруашылығы салаларындағы оқу-тәжірибелік және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерді меңгеру.
PO10	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу бойынша мемлекеттік стандарттар (ГОСТ) талаптарын білу және оларды орындау.
PO11	Техникалық және майлы дақылдарды өсіру технологиясын әзірлеу, осы технологияларда қолданылатын машиналар мен жабдықтар жүйесі жөніндегі білімдерді меңгеру, сондай-ақ сорттану мәселелерін және көгал шөптерінің маңызын түсіну.
PO12	Өсімдік шаруашылығында қолданылатын агротехнологияларға сәйкес шаруашылықтардың тыңайтқыштарға, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарына деген қажеттілігін жоспарлай және есептей білу.

«Агрономия, селекция и биотехнология»
кафедрасының меңгерушісі

 Жанбырбаев Е.А.

«Агробиология» факультетінің деканы

 Абилдаев Е.С.

6B08101-Агрономия

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

- 1 Міндет.** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті білім беру үдерісімен интеграциялау.

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірл.	2024	2025	2026	2027	2028
1.	БББ бойынша білім алушылар контингенті	адам	127	118	125	130	150
2.	Оқу бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі.	%	89	87	88	90	95
3.	БББ бойынша білім алушылардың жалпы санындағы шетелдік білім алушылардың үлесі	%	40	42	43	45	45
4.	БББ бойынша білім алушылардың жалпы санындағы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын білім алушылардың үлесі	%	2	2,5	3	4	5
5.	БББ бағдарламасының профессорлық-оқытушылық құрамының (ПОҚ) ғылыми дәрежелерге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі.	%	65	70	70	75	80
6.	Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың үлесі	%	1	1	2	2	3
7.	Ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары арасынан университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына қосалқы және/немесе сағаттық негізде тартылған қызметкерлер саны	адам	2	2	3	4	5
8.	Профессорлық-оқытушылық құрамның жалпы санынан ағылшын тілінде сабақ беретін ПОҚ үлесі.	%	15	16	17	17	18
9.	ББ бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес профессорлық-оқытушылық құрам әзірлеген оқу-әдістемелік басылымдар саны	саны	10	12	12	13	15
10.	Еңбек нарығы талаптарын ескере отырып оқу бағдарламасын жаңарту	+/-	+	+	+	+	+
11.	Оқу бағдарламасын университеттің даму стратегиясына сәйкестігін талдау	+/-	+	+	+	+	+
12.	Дуалды білім беруді жүзеге асыру	+/-	+	+	+	+	+
13.	ББ бағдарламасының пәндерінде цифрлық технологияларды қолдану	+/-	+	+	+	+	+
14.	Оқу процесіне құзыреттерді енгізу бойынша дөңгелек үстелдерді өткізу	+/-	+	+	+	+	+
15.	ББ бағдарламасының сарапшылары ретінде әлеуетті мүдделі тарап өкілдерінің қатысуы.	кол-во	2	2	3	3	4
16.	Оқу бағдарламасын әзірлеу және	+/-	+	+	+	+	+

	мамандарды даярлау сапасын бағалауға мүдделі тараптардың қатысуы (Білім алушылар, жұмыс берушілер, түлектер)						
17.	Бағдарламаны қос дипломдық білім беру немесе серіктес университеттермен бірлескен оқу бағдарламалары аясында жүзеге асыру	+/-	-	-	-	-	+
18.	ББ бағдарламасының ұлттық рейтингтердегі орны НААР НКАОКО «Атамекен»	орын	1 1 1	2	1 1 1	1 1 1	1 1 1
19.	ББ бағдарламасының аккредитациясының болуы	+	+	+	+	+	+
20.	Онлайн-курстар (Coursera, edX және т.б.) қолданылатын пәндердің үлесі	%	5	5	5	6	6
21.	ББ бағдарламасы тақырыбы бойынша кемінде бір сертификатталған Coursera курсынан өткен студенттер саны	адам	36	37	40	45	50
22.	Негізгі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруға қатысатын профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ) саны	бірлік	5	6	8	8	10
23.	Халықаралық ынтымақтастық аясында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) саны	бірлік	-	-	-	1	1
24.	БҒССҚК ұсынған басылымдарда студенттердің жарияланымдарының саны	бірлік	-	-	-	1	1
25.	Ғылыми-зерттеулер мен жарыстарға қатысатын студенттер саны	бірлік	-	-	-	1	1

1. Міндет. Университеттің корпоративтік басқарудың тиімді моделін жасау және интеллектуалдық әлеуетін нығайту.

№	Көрсеткіштер	Өлш ем. бір.	2024	2025	2026	2027	2028
1.	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) жүргізетін жалпы ғалымдар мен зерттеушілер арасындағы жас ғалымдардың үлесі	%	1	1	1	2	2
2.	Біліктілігін көтеру және шетелдік тағылымдамадан өткен профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) үлесі	%	4	4	4	5	5
3.	«Үздік ғылыми қызметкер», «Үздік жоғары оқу орны оқытушысы» байқауларына, мемлекеттік сыйлықтар мен ғылым саласындағы еңбегі үшін белгілі ғалымдарға арналған шәкіртақыларға қатысатын профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ)	саны	-	-	1	1	1
4.	Оқу бағдарламасының профессорлық-оқытушылық құрамының «Күміс университет» бағдарламаларына қатысуы, әркімге және кез келген жаста сапалы білім алуға мүмкіндік беру мақсатында. Таңдауға болатын	+/-	-	-	-	+	+

	мамандылықтар: цифрлық білім, инклюзивті білім, цифрлық технологиялар негізіндегі оқыту						
5	Оқу бағдарламасының студенттері арасындағы ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларға қатысатын білім алушылардың үлесі, соның ішінде студенттік өзін-өзі басқару, дебат, еріктілік қозғалыстары арқылы азаматтық және патриоттық деңгейін көтеру мақсатында	%	16	17	18	19	20

2. Міндет. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндірісте енгізу қызметі.

№	Көрсеткіштер	Өлше м. бір.	2024	2025	2026	2027	2028
1.	Студенттердің стартап жобаларға қатысуы	чел.	0	0	0	1	1

3. Міндет. Университеттің ғылыми-білім беру инфрақұрылымы мен цифрлық архитектурасын дамыту

№	Көрсеткіштер	Өлше м. бір.	2024	2025	2026	2027	2028
1.	Зертханалық жабдықтардың жаңартылған үлесі	%	0,35	0,40	1	1	1
2.	Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету	+/-	+	+	+	+	+